

Кейбір акционерлік қоғамдардың жекелеген мәселелері

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 18 шілде N 1083. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001.02.28. N 290 қаулысымен. ~ P010290

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігі Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетімен бірлесіп, заңнамада белгіленген тәртіппен "Жібек жолы-Қазақстан" ұлттық компаниясы" ашық акционерлік қоғамының директорлар кеңесін мынадай құрамда бекітсін:

Биманбетов Бақытбек Тәжібайұлы - Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігі төрағасының бірінші орынбасары, төраға;

Раханов Мақсұтбек Смағұлұлы - Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің төрағасы;

Андрюшенко Александр Иванович - Қазақстан Республикасының Экономика вице-министрі;

Құлыбаев Асқар Алтынбекұлы - "Жібек жолы-Қазақстан" ұлттық компаниясы " ашық акционерлік қоғамының президенті".

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) "ҚазТрансОйл" мұнай тасымалдау жөніндегі ұлттық компаниясы" жабық акционерлік қоғамының жекелеген мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 10 наурыздағы N 216 P990216_ қаулысына:

1-тармақтың 2) тармақшасында:

"ҚазТрансОйл" мұнай тасымалдау жөніндегі ұлттық компаниясы" жабық акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің құрамына мыналар енгізілсін:

Раханов Мақсұтбек Смағұлұлы - Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің төрағасы;

Қаппаров Нұрлан Жамбылұлы - Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда вице-министрі;

көрсетілген құрамнан Әбілғазин Данияр Рүстемұлы, Бозымбаев Қанат Алдабергенұлы шығарылсын;

2) "Кейбір акционерлік қоғамдардың жекелеген мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 26 наурыздағы N 308 P990308_

қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 10, 92-құжат):

1 - т а р м а қ т а ғ ы :

2) және 5) тармақшаларының күші жойылды деп танылсын;

7) т а р м а қ ш а с ы н д а :

"Қазатомөнеркәсіп" ұлттық атом компаниясы жабық акционерлік қоғамы директорлар кеңесінің құрамына мыналар енгізілсін:

Нефедов Петр Петрович - Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда вице-министрі, төрағасы;

Раханов Мақсұтбек Смағұлұлы - Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің төрағасы;

Жанәбілев Мият Саттарұлы - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі өндірістік бөлімнің меңгерушісі;

көрсетілген құрамнан Әбітаев Есберген, Әбілғазин Данияр Рүстемұлы, Аманбаев Мұрат Ермұханұлы шығарылсын;

"Жантикин Тимур Мифтахұлы - Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Атом энергиясы жөніндегі агенттігінің бас директоры" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Жантикин Тимур Мифтахұлы - Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігі Атом энергетикасы жөніндегі комитетінің т ө р а ғ а с ы " ;

8) тармақшасында "Андрющенко Александр Иванович - Қазақстан Республикасының Экономика вице-министрі" деген жол алынып тасталсын;

3) "Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы" жабық акционерлік қоғамының кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 17 қыркүйектегі N 1404 Р991404_ қаулысына:

1 - т а р м а қ т а :

"Мырзахметов Асқар Исабекұлы - Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министрі, төраға" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Мырзахметов Асқар Исабекұлы - Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министрі";

"Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы" жабық акционерлік қоғамы директорлар кеңесінің құрамына мыналар енгізілсін:

Смағұлов Қайрат Молдрахманұлы - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі Басшысының бірінші орынбасары, төрағасы;

Бозымбаев Қанат Алдабергенұлы - Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда вице-министрі;

көрсетілген құрамнан Айтжанов Дулат Нұлиұлы, Боос Владимир Оттович шығарылсын .

4) "KEGOC" электр желілерін басқару жөніндегі қазақстандық компания" ашық акционерлік қоғамының жекелеген мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 29 қазандағы N 1628 P991628_ қаулысына:

1-тармақтың 2) тармақшасында:

"KEGOC" электр желілерін басқару жөніндегі қазақстандық компания" ашық акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің құрамына мыналар енгізілсін:

Дүкенбаев Кенжемұрат Дүкенбайұлы - Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда вице-министрі, төрағасы;

Жүзбаева Мейрамкүл Алтынбекқызы - Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті төрағасының орынбасары;

көрсетілген құрамнан Қаппаров Нұрлан Жамбылұлы, Тиесов Сүйіншілік Әмірхамзаұлы шығарылсын.

5) "Эйр Қазақстан тобы" жабық акционерлік қоғамының жекелеген мәселелері және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 30 желтоқсандағы N 2026 P992026_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 58, 577-құжат):

1-тармақта:

"Эйр Қазақстан тобы" жабық акционерлік қоғамы директорлар кеңесінің құрамына Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті төрағасының орынбасары Жүзбаева Мейрамкүл Алтынбекқызы енгізілсін;

көрсетілген құрамнан Тойбазаров Бауыржан Сайфоллаұлы шығарылсын;

6) "Қазтеңізкөлікфлоты" ұлттық теңіз кеме қатынасы компаниясы" жабық акционерлік қоғамының Директорлар кеңесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 21 наурыздағы N 417 P000417_ қаулысына:

1-тармақта:

"Қазтеңізкөлікфлоты" ұлттық теңіз кеме қатынасы компаниясы" жабық акционерлік қоғамы директорлар кеңесінің құрамына Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті төрағасының орынбасары Кадюков Николай Викторович енгізілсін;

көрсетілген құрамнан Ыбырайымов Ғалымжан Уәлиханұлы шығарылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:
Қобдалиева Н.М.
Икебаева Ә.Ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК